

**Аудандық қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Мақат поселкесі

№4

14 мамыр 2025 жыл

Қатысқандар:

Е.О.Жоламанов — қоғамдық кеңес
төрағасы
М.К.Мурзағалиева — қоғамдық кеңестің
хатшысы

Қоғамдық кеңес мүшелер саны:

7 адам

Баяндамашы:

**Сарбалиева Света Ризақызы –Мақат
аудандық экономика және қаржы
бөлімінің басшысы**

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер:

1) Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімі, Сізге Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексіне, «Қазақстан республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес және аудан әкімдігі ұсынған «2025 – 2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімінің жобасын жолдады.

2) Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімі, Сізге Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес және аудан әкімдігі «Мақат аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 137 – VIII « 2025 – 2027 жылдарға арналған Мақат, Доссор кентерінің және Бәйгетөбе ауылдық округінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешімінің жобасын жолдады.

Осы мәселе бойынша сөз - **Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Сарбалиева Света Ризақызына берілді. (баяндама жалғанды)**

Төраға : Қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысында Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Сарбалиева Света Ризақызы сөз алып, күн тәртібіндегі баяндамалары талқыланды. Сұрақтарыңыз болама?

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі Г.Ж.Габдуллин:

«Мақат аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 132 – VIII « 2025 – 2027 жылдарға арналған Мақат, Доссор кентерінің және Бәйгетөбе ауылдық округінің бюджеттері туралы» шешіміне және «Мақат аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 137 – VIII « 2025 – 2027 жылдарға арналған Мақат, Доссор кентерінің және Бәйгетөбе ауылдық округінің бюджеттері туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешіміне өзгерістер енгізілдіме, шешім қабылдандыма?

Жауап:

Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Сарбалиева Света Ризақызы:

«Мақат аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 132 – VIII « 2025 – 2027 жылдарға арналған Мақат, Доссор кентерінің және Бәйгетөбе ауылдық округінің бюджеттері туралы» шешіміне және «Мақат аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 137 – VIII « 2025 – 2027 жылдарға арналған Мақат, Доссор кентерінің және Бәйгетөбе ауылдық округінің бюджеттері туралы»

шешіміне өзгерістер енгізу туралы шешіміне қатысты мәселерге арнайы есептер (расчет) жасап Энергетика басқармасымен жұмыс жасап комиссиямен бекіту керек.

Сұрақ:

Қоғамдық кеңесінің мүшесі А.К.Нугиманов:

Осы шешімнің орындалуын бақылау кімге жүктелсін? Шешім 2025 жылдың қай айынан бастап қолданысқа енгізіледі?

Жауап:

Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Сарбалиева Света Ризақызы: Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономикамен бюджет, өнеркәсіп, кәсіпкерлікті дамыту және заңдылықты сақтау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін. Шешімдер сессияда бекіткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға : Күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама аяқталды.

Қоғамдық кеңес мүшелері ұсыныстыраңыз бар ма?


Аудандық қоғамдық кеңес күн тәртібіне қойылған мәселені тындап, талқылады, талқыланған мәселе бойынша аталған шешімде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін ережелер анықталған жоқ.

Аудандық Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе қаралды. Рақмет.

Қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысы ШЕШІМ ЕТЕДІ:

- 1) Қоғамдық кеңеске түскен ұсыным қаперге алынды.
- 2) Шешім аудан әкімшілігіне жолданды.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Е.Жоламанов

Қоғамдық кеңес хатшысы:



М.Мурзагалиева